

Тенізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде өнімді бөлу жөніндегі келісімдер (келісім-шарттар) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 68 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100-IV Заңымен МАЗМҰНЫ

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 100-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 49-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң тараптар мұдделерінің теңгерімділігіне қол жеткізу және Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларының келісімді дамуы үшін жағдайлар жасау мақсатында тенізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде өнімді бөлу жөніндегі келісімдердің (келісім-шарттардың) (бұдан әрі - өнімді бөлу жөніндегі келісімдердің) шарттарымен Қазақстан Республикасының және мердігерлердің өзара іс-қимылдының құқықтық және экономикалық негіздерін белгілейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңның реттеу нысанасы

1. Осы Заң мұнай операцияларын жүргізуге құқық беруге, Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігінде өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді жасасуға, орындауға, өзгертуге және тоқтатуға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және осындай келісімдердің, сондай-ақ кейіннен Қазақстан Республикасы мен мердігердің арасында өнімді бөлудің негізгі құқықтық шарттарын айқындаиды.

2. Мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру, шығарылған өнімді бөлу, сондай-ақ оны тасымалдау, өндеу, сақтау, өткізу немесе оған өзгедей билік ету процесінде қалыптасатын қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен реттеледі.

2-бап. Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі келісімдер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі келісімдер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, мұнай туралы заңнамалық актілерінен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен турады.

2. Егер заңдарда өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді жасасудың, орындаудың,

өзгертудің және тоқтатудың осы Занда көзделгеннен өзгеше ережелері белгіленген жағдайда, осы Заңың ережелері қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Өнімді бөлудің шарттарымен жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін объектілер ретіндегі блоктар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарламаларды орындау үшін өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру құқығын алуға ашиқ немесе жабық конкурстарға қойылатын блоктарды айқындаиды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттың және өзге де міндеттемелерін орындау үшін өнімді бөлудің шараларымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру үшін конкурссыз негізде беруге жататын Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігіндегі блоктарды айқындаиды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі арнайы жоғары технологиялық жабдықты беруге және пайдалануға, сондай-ақ жоғары технологияларды, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілер салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстарға кепілдік беретін ықтимал мердігерлерге өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарымен игеру үшін ұлттық компания міндетті үлеспен қатысқан кезде блоктар беруі мүмкін.

Блоктарды тікелей келіссөздер негізінде алатын ұлттық компания құзыретті органмен келісім бойынша мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру жөніндегі жұмыстарға келісімшарттың түрін айқындауға құқылы.

2. Блоктардың көлемін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып, сондай-ақ биоресурстарды және қоршаған ортаны сақтау мақсатында, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша мердігерлердің қызметі шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін аумақтың участкерін айқындауы мүмкін.

4-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісім

1. Өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізуге арналған келісім-шарт өнімді бөлу жөніндегі келісім болып табады.

Өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы конкурс шарттарында көрсетілген блоктарда мұнайды бірлескен барлау мен өндіру

немесе өндіру жөніндегі жұмыстарды орындау құқығын өтеусіз негізде және белгілі бір мерзімге береді. Мердігер өзі мәлімдеген конкурстық ұсыныстарды сөзсіз орындағанда отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өнімді бөлу жөніндегі келісімде көзделген ережелер мен міндеттемелерді сақтай отырып, аталған жұмыстарды өз есебінен және өз тәуекелімен жүзеге асыруға міндеттенеді.

Өнімді бөлу жөніндегі келісім блоктардағы жер қойнауын пайдалануға байланысты барлық қажетті шарттарды, соның ішінде осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өнімді бөлу жөніндегі келісімнің тараптары арасында өндірілген өнімді бөлудің шарттары мен тәртібін айқындаайды.

2. Өнімді бөлудің шарттарымен блоктарда жер қойнауын пайдалану құқығын жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) өнімді бөлу жөніндегі келісімде белгіленген тәртіппен шектелуі, тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

5-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің тараптары

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің тараптары:

1) Қазақстан Республикасы, оның атынан өнімді бөлу жөніндегі келісімде құзыретті орган әрекет етеді;

2) мердігерлер - құзыретті органмен өнімді бөлу жөніндегі келісімді жасасқан жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Ұлттық компанияға республика өнімді бөлу жөнінде жасасатын барлық келісімдерге мердігер ретінде кемінде елу процент мөлшерде үлестік қатысу құқығы береіледі.

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісімде заңды тұлға мәртебесі жоқ бірлестік (консорциум) құрған бірнеше заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мердігер жағында әрекет етуі мүмкін. Осы бірлестіктің қатысушылары жер қойнауын пайдалану құқығын бірлесіп иеленушілер болып табылады және өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша ортақ міндеттер мен ортақ жауапкершілікті мойнына алады және өз қызметін консорциум шарты негізінде жүзеге асырады. Консорциум шартының әрбір қатысушысы мердігер тарапынан құзыретті органмен өнімді бөлу жөніндегі келісімге қол қояды.

Заңды тұлғалар бірлестігінің (консорциумның) қатысушылары консорциум шартында трансфертік баға белгілеуді, салық есебінің ережелері мен әкімшілік жүргізу рәсімдерінің сақталмауын қоса алғанда, құпия деп танылған ақпаратты жария еткені, қатысушы алған кірістерден салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы және толық төлемегені үшін, сондай-ақ өнімді бөлу жөніндегі келісімнен туындастын басқа да міндеттемелер бойынша дербес жауапкершілік туралы ережені көздеуге құқылы.

6-бап. Өнімді бөлудің шарттарымен блоктарда жер қойнауын пайдалану мерзімі

1. Өнімді бөлудің шарттарымен блоктарда жер қойнауын пайдалану құқығы құзыретті органмен өнімді бөлу жөнінде келісім жасалғаннан және ол белгіленген тәртіппен міндетті тіркелгеннен кейін туындайды.

2. Тараптар өнімді бөлу жөніндегі келісім жасалған күнгі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнімді бөлу жөніндегі келісімің қолданылу мерзімін белгілейді, бірақ ол бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі жұмыстар үшін отыз бес жылдан, өндіру жөніндегі жұмыстар үшін жиырма бес жылдан және бірегей қорлар болған жағдайда қырық бес жылдан аспауға тиіс.

3. Мұнай өндіру бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы мердігердің өзіне алған міндеттемелерін орындаған жағдайда игеріліп жатқан кен орны бойынша өнімді бөлу жөніндегі жаңа келісім жасасу арқылы қосымша кезеңге ұзартылуы мүмкін. Мердігер қосымша кезеңге өнімді бөлу жөнінде келісім жасасу туралы өтінімді қолда бар келісімнің қолданылу мерзімі аяқталуынан он екі ай бұрын

б е р у г е т и i c .

Жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында мұндай мердігерге мұнайды экономикалық тұрғыдан орынды өндіруді аяқтау үшін жеткілікті мерзімге өнімді бөлу жөніндегі жаңа келісім жасасу туралы құзыретті органмен конкурссыз негізде келіссөздерге кірісуге айрықша құқық беріледі. Тараптар қосымша мерзімге өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарын жаңа келісімге қол қойылған (жасалған) күнгі қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындаиды.

2-тарау. АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ҚҰЗЫРЕТИ

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыreti

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өнімді бөлудің шарттарымен жер қойнауын пайдалануға берілетін блоктардың тізбесін бекітеді және конкурсның түрін айқындаиды;

2) блоктардың көлемін айқындаиды;

3) өнімді бөлу жөніндегі келісімнің негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық және өзге де параметрлерін, сондай-ақ конкурсқа қатысуышылар үшін бірынғай сандық өлшемдерді қоса алғанда, өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру құқығын беруге конкурсның шарттарын

б е к і т е д і ;

4) өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру құқығын алуға конкурс өткізу жөнінде комиссия құрады ;

5) өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру үшін мердігерлерді таңдау бойынша конкурс өткізу ережелерін бекітеді;

6) өнімді бөлу жөніндегі үлгілік келісімді бекітеді;

7) өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде өкілетті органның мемлекеттің коммерциялық мұddeлерін білдіру тәртібін бекітеді;

8) өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде өкілетті органды айқындайды.

8-бап. Құзыретті органның функциялары

Құзыретті органның функцияларына:

1) өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу үшін мердігерді таңдау жөнінде конкурс өткізуді әзірлеу және ұйымдастыру;

2) өнімді бөлудің шарттарымен конкурста қойылатын блоктардың тізбесін әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу;

3) өнімді бөлу жөніндегі келісімдердің негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық және өзге де параметрлерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу;

4) блоктарда мұнайды бірлескен барлау мен өндірудің немесе өндірудің техникалық-экономикалық негіздемесін бекіту;

5) мұddeлі мемлекеттік органдардың және ұлттық компанияның қатысуымен өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіруге немесе өндіруге құқық беруге арналған конкурстың шарттарын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу кіреді.

9-бап. Облыстық (респубикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдардың құзыреті

Облыстық (респубикалық маңызы бар қала, астана) атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) облыс аумағына қатысты өнімді бөлу жөніндегі келісімдер үшін негізгі әлеуметтік-экономикалық параметрлердің ережелерін дайындауға қатысады;

2) өнімді бөлу жөніндегі келісімді дайындау кезінде құзыретті орган тарарапынан мердігермен келіссөздерге қатысады.

10-бап. Өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

Өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру құқықтарын алуға арналған конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

2) өнімді бөлу жөніндегі келісімдердің сараптамасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

3) блоктарда мердігерлердің қызметін бақылау және қадағалау функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

11-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімдердегі өкілетті орган

1. Мердігер ретінде бірнеше ұйымның қатысыуы көзделетін өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде өкілетті орган құрылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өкілетті органды айқындаиды.

2. Ұлттық компания өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын өзінің еншілес ұйымына берген не жобадағы өз үлесін сатқан жағдайда өкілетті органның функциялары ұлттық компанияға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына не Қазақстан Республикасының Үкіметі өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өкілетті органның құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін немесе барлық құқықтары мен міндеттерін беретін өзге де заңды тұлғасына жүктелуі мүмкін. Мердігерге өкілетті органның функциялары жүктелуге тиіс емес.

3. Өкілетті органның негізгі функциялары осы Заңмен белгіленеді және өнімді бөлу жөніндегі келісімдердің міндетті бөлігі болып табылады.

4. Өкілетті органның негізгі функцияларына:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаитын тәртіппен өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде мемлекеттік мүдделерді білдіру;

2) мұнайды бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу кезінде мердігерлердің коммерциялық қызметіне мониторингті жүзеге асыру;

3) өндірілген өнімдегі Қазақстан Республикасының үлесін өнімді бөлу жөніндегі келісімде көзделетін шарттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу;

4) өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес жүргізілетін операциялар бойынша өнімдердің өзіндік құнының құрамына шығындар мен шығыстарды мердігердің енгізуінің негізділігін тексеру;

5) мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруын қоспағанда, өнімді бөлу жөніндегі келісімдер шарттарының сақталу мониторингі және оны бақылау;

6) басқарушы комитет арқылы жобаны корпоративтік басқаруға міндетті қатысу;

7) өнімді бөлу жөніндегі келісімнің қолданылу мерзімі аяқталысымен не өнімді бөлу жөніндегі келісімнің қолданылуы кезеңінде жабдықтың және құны мердігерге өтемдік өнім есебінен өтелген өзге де мүліктің пайдаланудан шығуына қарай не басқа да себептер бойынша Қазақстан Республикасына берілуге тиісті мүлікті мердігерден қабылдауға-беруге қатысу;

8) мемлекеттің агенті ретінде өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттары бойынша республиканың үлесі болып табылатын мұнайдың бір бөлігін мемлекеттің билік етуіне беруге байланысты бұдан кейінгі операцияларды жүзеге асыру;

9) өткен қүнтізбелік жылғы өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар бойынша белгіленген мерзімдерде тиісті мемлекеттік органға есептер беру;

10) өнімді бөлу жөніндегі келісімді орындауға және бұзуға байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасына және өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес өзге де мәселелер жатады.

5. Егер ұлттық компанияның жобадағы қатысу үлесі елу және одан да көп процент болса және ұлттық компанияның еншілес ұйымы келісім бойынша жұмыстарды орындау операторы болып табылса, өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде өкілетті орган құрылмайды.

Ұлттық компания жер қойнауын пайдалану құқығының бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа тұлғаға берген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өкілетті органды айқындейды.

3-тaraу. ӨНІМДІ БӨЛУДІҢ ШАРТТАРЫМЕН МҰНАЙ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН КОНКУРС ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛПТЕРИ

12-бап. Өнімді бөлудің шарттарымен мұнай операцияларын жүргізу құқығын алуға арналған конкурстар өткізу тәсілдері

1. Өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру құқығын беруге арналған конкурстар әрбір блок бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен өткізіледі және жабық немесе ашық болуы мүмкін.

2. Конкурс өткізудің Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын конкурстық комиссия өнімді бөлудің шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу үшін мердігер тандау мақсатымен конкурс өткізеді.

3. Мұнай операцияларын жүргізу құқығын алуға арналған конкурсқа қатысуға үш және одан да көп ұсыныс түскен кезде конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын екі кезеңді рәсімдер жолымен айқындейды.

13-бап. Мұнай операцияларын жүргізу құқығын алудың айрықша тәртібі

1. Конкурсқа қатысушылар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тиісті бірыңғай сандық өлшемдердің болуы мұнай операцияларын жүргізуге арналған конкурсқа ықтимал мердігерлердің қол жеткізуіне қойылатын шарттар болып табылады.

2. Құзыретті орган келісім-шарт аумағы бойынша бекітілген техникалық-экономикалық негіздеменің негізінде және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заны 41-7-бабының 1-

тармағына сәйкес, 8) тармақшасын қоспағанда, бірыңғай сандық өлшемдерді әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

3. Құзыретті орган конкурстың шарттарын техникалық-экономикалық есептеулер негізінде мүдделі мемлекеттік органдардың және ұлттық компанияның қатысуымен әзірлейді және онда өнімді бөлу жөніндегі келісімге қойылатын негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық және өзге де параметрлер

б о л у ғ а т и і с .

Конкурс шарттарында:

мұнайды бірлескен барлау мен өндіру немесе өндіру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру кезіндегі қазақстандық мазмұн;

Қазақстан аумағына мұнайдың белгілі бір көлемін өндеу үшін міндетті жеткізілім;

жоғары технологияларды, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстар көзделуге тиіс.

Жоғары технологияларды, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстар Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының қажеттіктері ескеріле отырып, қалыптастырылады.

4. Конкурсқа қатысушының жоғары технологияларды, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелері конкурс женімпазын таңдаудың айқындаушы өлшемі

б о л у ғ а т и і с .

Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарымен мұнай операцияларын жүргізу құқығын алуға конкурстық ұсыныстарды қарау кезінде міндеттемелердің мынадай басымдығы белгіленеді:

бірінші кезекте - мынадай бағыттар мен басымдықтар бойынша ерекшеленетін жоғары технологиялар саласындағы міндеттемелер:

- 1) мұнай-химия, мұнай-химия өнімдерін одан әрі өндейтін өндірістер;
- 2) мұнайды барлау мен өндіру саласындағы негізгі қызметке жататын немесе онымен шектес өндірістер;
- 3) жер қойнауын пайдаланушыға көрсетілетін сервистік қызметке қатысты өндірістер;

екінші кезекте - жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырлардың объектілерін құру және пайдалану жөніндегі міндеттемелер;

үшінші кезекте - инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және

бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелер.

5. Жобаға ұлттық компания қатысқан жағдайда конкурстың шарттарында өнімді бөлу жөніндегі келісім мердігерлерінің арасындағы оның қатысу үлесі Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен көрсетілуге тиіс.

14-бап. Өнімді бөлудің шарттарымен мұнай операцияларын жүргізу құқығын алуға арналған конкурстың жеңімпазын анықтау және өнімді бөлу жөніндегі келісімді жасасу

1. Екі кезеңді ресімдер жүргізу кезінде конкурстық комиссия конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін осы Заңның 13-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген, Қазақстан Республикасы үшін салыстырмалы түрде тең және негұрлым тиімді ұсыныстар берген қатысушылардың қысқартылған тізімін (кемінде екеу) айқындаиды.

Конкурстың түпкілікті жеңімпазын айқындау мақсатында конкурстық комиссия қысқартылған тізімнің қатысушыларынан конкурстық ұсынысқа қатысты қосымша ұсыныстарды немесе түсіндірмелерді сұратып алуға құқылы. Қысқартылған тізімнің қатысушылары конкурстық комиссия белгілеген мерзімдерде өздерінің конкурстық ұсыныстарын жақсартуға құқылы. Қысқартылған тізім қатысушыларының жақсартылған конкурстық ұсыныстарының нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын және ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысъынан кейінгі ең үздік деп танылған қатысушыны айқындаиды.

2. Құзыретті орган конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өнімді бөлу жөніндегі келісімді өзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құрады, ол бұрын айқындалған бірыңғай сандық өлшемдерді жақсарту мүмкіндігін қоса алғанда, өнімді бөлу жөніндегі келісім жобасының негізгі ережелері бойынша конкурс жеңімпазымен келіссөздерді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен немесе конкурс жеңімпазы жақсартқан бірыңғай сандық өлшемдер, сондай-ақ осы Заңның 13-бабының 3 және 4-тармақтарында көзделген оның міндеттемелері өнімді бөлу жөніндегі келісімнің міндетті шарттары болып табылады.

Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің конкурстың міндетті шарттары болып табылмайтын барлық өзге де шарттары конкурстың міндетті шарттарына қайшы келмеуге тиіс.

3. Жұмыс тобының қызметіне тараптардың техникалық, экономикалық және заңгер консультанттары қатысуы мүмкін.

4. Жұмыс тобына құзыретті орган тарапынан консультанттар тарту жөніндегі шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады

5. Жұмыс тобы мен конкурс жеңімпаздары арасындағы келіссөздердің әрбір кезеңін жүргізу қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы хаттамаға

қ о л қ о й ы л а д ы .

6. Конкурс жеңімпазы осы Занда белгіленген мерзімдерде өнімді бөлу жөніндегі келісім жасасудан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, құзыретті орган ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейінгі ең үздік деп танылған конкурс қатысуышына өнімді бөлу жөніндегі келіссөздерді бастауды және келісім жасасуды ұсынады.

4-тaraу. ӨНІМДІ БӨЛУ ЖӨНІНДЕ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДАУ

15-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімді жасасу тәртібі

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісім өткізілген конкурстың жеңімпазымен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен, тараптар келіскең мерзімдерде, бірақ құзыретті органның өнімді бөлу жөніндегі келісімді әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылған күннен бастап он екі айдан кешіктірілмей жасалады. Өнімді бөлу жөніндегі келісімге қол қою тараптардың өкілдері арасында оның шарттары туралы келіссөздер аяқталғаннан кейін жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Мұдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп құзыретті орган және конкурс жеңімпазы жоғары технологияларға, жаңа және өңдеу өндірістеріне, магистральдық және өзге де құбырлар объектілеріне, инфрақұрылым объектілеріне және өзге де объектілерге қатысты жеңімпаз қабылдаған міндеттемелерге сәйкес, егер бұл міндеттемелер оның мұнай операциялары саласындағы қызметіне байланысты болмаса, өнімді бөлу жөніндегі келісімнің міндетті бөлігі болып табылатын қосымша шарт жасасады.

Қосымша шартта, мердігер өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша коммерциялық табу туралы мәлімдеген жағдайда, оны іске асыруды бастау көзделеді.

16-бап. Жұмыстарды орындаудың шарттары

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісімде көзделген жұмыстар мен қызмет түрлерін мердігер өнімді бөлу жөніндегі келісімде белгіленген тәртіппен бекітілген бағдарламаларға, жобаларға, жоспарларға, бюджеттерге және сметаларға сәйкес о р ы н д а й д ы .

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстар, қоршаған ортаны қорғау, жүргізлетін жұмыстардың қоршаған ортаға зиянды әсерін болғызбауға бағытталған шараларды жүзеге асыру жөніндегі және мұндай әсердің салдарын жою жөніндегі экологиялық талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған жағдайда, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз

жүргізу, жер қойнауын, халықтың денсаулығын қорғау бойынша және қазақстандық мазмұн бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттар (нормалар, ережелер) сақтала отырып орындалады.

3. Тараптар келіскең тәртіппен Қазақстан Республикасының меншігіне берілетін қондырғыларды, құрылыштарды және мұлікті қоспағанда, мердігер өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстар жүргізілген аумақтарды ластанудан тазартуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстар аяқталысымен теңіздегі барлық құрылыштарды, қондырғыларды және өзге де мұлікті жоюды жүзеге асыруға міндетті.

17-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша басқару комитеті

Тараптар өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатында басқару комитетін құруды көздеуге тиіс. Басқару комитетінің құрамына әр мердігерден саны төң өкілдер кіреді. Құзыретті орган өкілдерінің саны мердігерлер өкілдерінің санына төң болуға тиіс

Басқару комитетінің сан құрамы, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оның жұмыс тәртібі өнімді бөлу жөніндегі келісімде айқындалады.

18-бап. Өнім бөлу жөніндегі келісімнің операторы

1. Мердігер немесе мердігердің тапсыруы бойынша өнімді бөлу жөніндегі келісімнің операторы өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыруды, оның ішінде есеп пен есептілік жүргізуді осы Заңға сәйкес жүзеге асырады. Осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының аумағында мердігер құрған занды тұлғалар не Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, мердігер осы мақсаттар үшін тартатын занды тұлғалар қызмет нысанасы аталған жұмыстарды ұйымдастырумен шектелуге тиіс осындай оператор ретінде әрекет етуі мүмкін.

2. Мердігер өнімді бөлу жөніндегі келісім операторының іс-әрекеті үшін езінің жеке іс-әрекеті сияқты мемлекет алдында мұліктік жауаптылықта болады.

3. Оператордың қызметін қаржыландыруды мердігерлер арасындағы бірлескен қызмет туралы келісімде айқындалған шарттармен мердігер бекіткен смета шегінде мердігер жүзеге асырады.

4. Мердігер оператордың қызметін басқару үшін мердігердің өкілдерінен операциялық комитет құруы мүмкін.

19-бап. Мұлікке меншік құқығы

1. Егер өнімді бөлу жөніндегі келісімде өзгеше көзделмесе, жаңадан жасалған немесе мердігер сатып алған және өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін өзі пайдаланатын мұлік мердігердің меншігі болып та б ы л а д ы .

Егер аталған мұлік операторға берілсе немесе оны оператор мердігердің қаражаты есебінен сатып алса, бұл ереже өзгөрмейді.

2. Аталған мұліктің құны толық өтелген кезден бастап немесе өнімді бөлу жөніндегі келісімнің күші тоқтатылған күннен немесе өнімді бөлу жөніндегі келісімде көзделген шарттармен және тәртіппен тараптар келіскең өзге мерзімнен бастап аталған мұлікке меншік құқығы мердігерден мемлекетке өтуі мүмкін. Бұл орайда өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстар жүргізу үшін өтеусіз негізде мұндай мұлікті пайдалануға айрықша құқық беріледі және мердігер өзінің пайдалануындағы мұлікті ұстаудың ауыртпалығын және оның кездейсоқ жойылуын немесе кездейсоқ бүлінуін өз тәуекеліне алады.

3. Аталған мұлікке меншік құқығы мемлекетке өткен жағдайда, оны республикалық меншікке жатқызу тәртібін, сондай-ақ осы мұлікті кейіннен пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

20-бап. Мұнайды тасымалдау, сақтау және өндеу

1. Мердігердің, қандай да болсын кемсіту жағдайынсыз, шарт негізінде магистральдық құбыр тасымалы объектілеріне еркін қол жеткізуге құқығы, сондай-ақ шарт негізінде магистральдық құбыр объектілерін және өзге де тасымал түрлерін, мұнайды сақтау және өндеу объектілерін еркін пайдалануға құқығы бар.

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша мердігердің жұмыстарды орындау шенберінде мұнайды сақтау, өндеу және тасымалдау объектілерін салуға құқығы бар.

21-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімді орындау кезіндегі салықтар, алымдар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер

1. Мемлекет пен мердігердің арасында өндірілген өнімді бөлу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасалатын өнімді бөлу жөніндегі келісімдерде көзделеді.

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісімді орындаған кезде салық міндеттемелерін орындауды мердігер өнімді бөлу жөнінде келісімді жасау кезінде қолданыста болған Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мердігердің өтелетін шығындары және өтелмейтін шығындарының құрамы Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

22-бап. Есепке алу және есептілік

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындаған кезде мердігердің қаржы-шаруашылық қызметін есепке алу өнімді бөлу жөніндегі әрбір келісім бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады, сондай-ақ ол өнімді бөлу

жөніндегі келісімге байланысты емес өзге қызметті орындаған кезде есепке алу қызмет түрлері бойынша болек жүргізіледі. Есепке алудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындаған кезде бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен немесе мердігер шетелдік инвесторды таңдаған кезде шетел валютасымен жүргізіледі. Егер бухгалтерлік есепке алудың жүргізуі шетел валютасымен жүзеге асырылған жағдайда, мемлекеттік органдарға берілетін қаржы есептілігінде қабылданған шетел валютасымен де, теңгемен де есептелген деректер болуға тиіс. Бұл орайда шетел валютасымен есептелген барлық деректер Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржы есептілігінде заңнамасында және есептілік жасалған күнгі бухгалтерлік есепке алу стандарттарында белгіленген тәртіппен теңгемен есептелуге тиіс.

23-бап. Банк шоттары және валюталық реттеу

Мердігердің немесе оның операторының өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін ғана пайдаланылатын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен және (немесе) Қазақстан Республикасының банктерінде және (немесе) шетел банктерінде шетел валютасымен банк шоттары болуға тиіс. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша валюталық операцияларды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

24-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді беру

1. Мердігердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін кез келген жеке немесе заңды тұлғаларға, егер осы тұлғалардың өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жеткілікті қаржылық және техникалық ресурстары мен басқару қызметінің тәжірибесі болған жағдайда, толық немесе ішінара беруге құқығы бар.

Мердігер өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өз құқықтарын заңда белгіленген тәртіппен толық көлемде үшінші тұлғаға берген кезде оған мердігердің жоғары технологияларды, жаңа және өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерін инвестициялау жөніндегі қосымша шарт бойынша барлық құқықтары мен міндеттері

өтеді.

Мердігер заңда белгіленген тәртіппен үшінші тұлғаға өз құқықтарын ішінара берген кезде оған бірлескен қызмет туралы шартпен келісілген беруші және

қабылдаушы тараптар арасындағы өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша және мердігердің жоғары технологияларды, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды дамыту, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді салу және бірлесіп пайдалану жөніндегі міндеттемелерін инвестициялау бойынша қосымша шарт жөніндегі құқықтары мен міндеттері

е т е д і .

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді беру өнімді бөлу жөніндегі келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы шарт жасасу арқылы өнімді бөлу жөніндегі келісімде айқындалған тәртіппен жазбаша нысанда жасалады және өнімді бөлу жөніндегі қолданыстағы келісімге тиісті өзгерістер енгізумен бірлесе жүргізіледі.

3. Мердігер құзыретті органның келісімімен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өнімді бөлу жөніндегі келісімді орындауға байланысты жасалатын шарттар бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін өзіне тиесілі мүліктік құқықтарды (мүлікті) кепіл ретінде пайдалануы мүмкін.

25-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарының тұрақтылығы

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттары бүкіл қолданылу мерзімі ішінде өз күшін сақтайды. Өнімді бөлу жөніндегі келісімдегі өзгерістерге тараптардың өзара келісімі бойынша ғана жол беріледі.

2. Егер өнімді бөлу жөніндегі келісімнің қолданылу мерзімі ішінде мердігердің өнімді бөлу жөніндегі келісім шеңберіндегі қызметінің коммерциялық нәтижелерін нашарлататын немесе жақсартатын нормалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайда, өнімді бөлу жөніндегі келісім жасалған кезде қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасын қолданған кезде ол алыу мүмкін коммерциялық нәтижелерді мердігерге қамтамасыз ететін өзгерістер өнімді бөлу жөніндегі келісімге енгізіледі.

Мұндай өзгерістерді енгізу тәртібі өнімді бөлу жөніндегі келісіммен айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, жер қойнауын, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі стандарттарға (нормаларға, ережелерге), соның ішінде оларды халықаралық тәжірибеде қабылданған осындай стандарттарға (нормаларға, ережелерге) сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізілген жағдайда, өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарын өзгерту туралы аталған ереже қолданылмайды.

3. Шарттарға тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілетін

жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы мердігерлер мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасалған өнімді бөлу жөніндегі келісімдер шарттарының тұрақтылығына кепілдік береді.

О сы кепілдіктөр:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) акцизделетін тауарларды импорттаудын, өндірудің, сатудың тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) өзгеруіне;

2) ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және имандылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

26-бап. Мердігер құқықтарының мемлекеттік кепілдіктері

1. Мердігерге өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес иемденіп алған және жүзеге асыратын мүліктік және өзге де құқықтарының қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Тиісті қадағалау органдарының жұмыстарды қауіпсіз жүргізуі, жер қойнауын, қоршаған ортаны, халықтың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беретін нұсқамаларын қоспағанда, атқарушы билік органдарының, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерінің күші, егер аталған актілер мердігердің өнімді бөлу жөніндегі келісімге сәйкес иемденіп алған және жүзеге асырып жатқан құқықтарына шектеулер белгілейтін болса, мердігерге қолданылмайды.

27-бап. Мемлекеттің экономикалық мүдделері

Өнімді бөлу жөніндегі келісімді қолдану процесінде мемлекеттің мынадай экономикалық мүдделерінде:

1) Қазақстан Республикасының аумағында жоғары технологияларды енгізуге, жаңа және өндеу өндірістерін, магистральдық және өзге де құбырларды, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді құруға;

2) мұнай операцияларын жүргізу кезінде өнімді бөлу жөніндегі келісімде айқындалатын мөлшерде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, Қазақстаннан шыққан тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

3) республиканың ішінде өндеу үшін мердігер мұнайының белгілі бір көлемін жеткізіп беруді қамтамасыз етуге;

4) қазақстандық жұмыс күшін тартуға және шетелдік жұмыс күшін пайдалануды шектеуге;

5) қазақстандық үйымдарды жобаның операторы ретінде тартуға;
6) пайда келтіретін өнімдегі Қазақстан Республикасының үлесін алуға;
7) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес алынатын белгіленген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді а л у ғ а ;

8) кен орнының экономикалық құндылығын және пайдалы қазбалар көлемінің болжамды есептеулерін ескере отырып, келісім-шартта айқындалған қ о л қ о ю б о н у с ы н а л у ғ а ;

9) мердігерге мұнай өндіру үшін экономикалық жағынан тиімді болып табылатын келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық табу үшін коммерциялық табу б о н у с ы н а л у ғ а ;

10) ұлттық компания арқылы мемлекеттің жобаға қатысуынан қосымша к і р і с т е р а л у ғ а ;

11) құны толық өтелген мүлікті мердігерден алуға қол жеткізіледі.

28-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің орындалуын мемлекеттік бақылау

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің орындалуын мемлекеттік бақылауды құзыретті орган жүзеге асырады.

2. Өзге мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде мердігердің қызметін бақылауды жүзеге асырады.

29-бап. Тараптардың өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша жауаптылығы

Тараптар өнімді бөлу жөніндегі келісім бойынша өз міндettемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін келісімнің шарттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

30-бап. Өнімді бөлу жөніндегі келісімнің қолданылуын тоқтату

1. Өнімді бөлу жөніндегі келісім оның қолданылу мерзімі аяқталған соң немесе тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын, сондай-ақ басқа да негіздер бойынша және өнімді бөлу жөніндегі келісімге қол қойылған күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және өнімді бөлу жөніндегі келісімде көзделген тәртіппен тоқтатылады.

2. Осы Заңға сәйкес инвесторға салық салу тәсілдері туралы ережелері өнімді бөлу жөніндегі келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде күшіне енгізілмеген өнімді бөлу жөніндегі келісім осы баптың 1-тармағында көзделген шарттар сақталмастан, қол қойылған күннен бастап бір жыл өткен соң қолданылуын тоқтатады.

31-бап. Дауларды шешу

1. Өнімді бөлу шарттарымен мұнайды бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасының айрықша
құқығы

қ о л д а н ы л а д ы .

2. Өнімді бөлу жөніндегі келісімдерді орындауға, өзгертуге, тоқтатуға және олардың жарамсыздығына байланысты мемлекет пен мердігер арасындағы даулар өнімді бөлу жөніндегі келісімнің шарттарында көзделетін рәсімдерге сәйкес келіссөздер арқылы шешіледі.

3. Дауды шешуге қол жеткізілмеген ретте осы баптың 2-тармағына сәйкес, өнімді бөлу жөніндегі келісімнің кез келген тарапы дауды "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының Занында көзделген органдардың қарауына беруге құқылы.

32-бап. Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі келісімдер туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі келісімдер туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

5-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап. Осы Заңдың қолданылу тәртібі

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өнімді бөлу жөніндегі Қазақстан Республикасы жасасқан келісімдер өз күшін сақтайды.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін барлау үшін келісім-шарттық аумақты алған және барлауға арналған келісім-шарттың қолданылу кезеңінде құзыретті органның атына коммерциялық табу туралы мәлімдеме жасаған мердігерлер өздерінің қалауы бойынша құзыретті органмен конкурссыз негізде Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнамалық актілеріне сәйкес өнімді бөлу жөніндегі келісімді немесе өзге де келісім-шарт түрлерін жасасуға құқылы.

34-бап. Осы Заңдың қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті